

А. К. Қалибекова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 1-бағам тыңдаушысы

Ғылыми жетекші: Ә. Е. Садықова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының ІІО басқару кафедрасының оқытушысы

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПСИХОЛОГИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адам қоғамда өзін қоршаған адамдар тобында өмір сүреді және дамиды, оның талаптарына сәйкес өз ойлары мен мінез-құлқын өзгертеді, топтың басқа мүшелерімен өзара әрекеттесу арқылы әртүрлі байланысты сезінеді. Қарым-қатынас психологиясы мынандай құбылыстарды зерттейді; адамдардың бір-бірін қабылдауы және түсінуі, еліктеу, сендіру және нандыру, ұйымшылдық немесе жанжалдық, біріккен іс-әрекет және тұлғааралық қатынастар. Осы психологиялық құбылыстың әр түрлілігінде, олардың пайда болуының негізгі қайнар көзі болып адамдар арасындағы қарым-қатынас аймағы болып табылады.

Қарым-қатынас дегеніміз — бір адамның екінші адамға ықпал жасауды тудыратын адамдар арасындағы байланыс. Қарым-қатынаста басқа адамды қажет ету туылады. Қарым-қатынас арқылы адамдар практикалық және теориялық қызметтің әрқилы түрлерін ұйымдастырады, ақпараттармен алмасады, бірін-бірі түсінуге қол жеткізеді, әрекеттің мақсатты бағдарламасын өңдейді, бір-біріне ықпал жасайды. Қарым-қатынаста жеке тұлғалық өзара қатынастар қалыптасады, көрініс табады және жүзеге асады. Егер қарым-қатынас болмаса, біздің рухани, материалды даму деңгейіміздің қандай дәрежеге көтерілгенін білмес едік. Біздің әрқайсымыз өзіміздің негізгі қырларымызды жеке қарым-қатынас тәжірбиелеріміз арқылы жанұядағы, жұмыстағы, көшедегі тікелей қатынастар арқылы игереміз.

Осы әрқилы қатынаста екі негізгі топқа бөледі:

- қоғамдық қатынастар;
- психологиялық қатынастар.

Қоғамдық қатынастардың құрылымын әлеумет тану зерттейді.

Осы қатынастардың негізінде өндірістік, материалдық, саяси идеологиялық қатынастар жатады. Олардың өзінділігі екі тұлғаның бір-бірімен «кезігуі» емес, олардың белгілі бір қоғамдық топтың (класс, мамандық немесе басқа топтың) өкілі болуында. Осындай қатынастар ұнайды немесе ұнамайды деген сезімдердің негізінде құрылмай, керісінше олардың қоғамда атқаратын рөліне байланысты құрылады. Сол себептіде, осындай қатынастар объективті тұрғыда негізделген, олар әлеуметтік топтар арасындағы немесе осы әлеуметтік топтардың өкілі ретіндегі тұлғалар арасындағы қатынастар болып табылады. Бұл дегеніміз, қоғамдық қатынастар ашық мінезді емес: олардың мәні нақты тұлғалардың өзара әрекеттесуі емес, керісінше нақты рөлдердің өзара әрекеттесуі.

Әлеуметтік рөл дегеніміз — қоғамдық қатынастар жүйесіндегі тұлғаның белгілі бір рөлін бекіту. Әлеуметтік рөл әлеуметтік қызметтің қоғамдық қажетті түрі және тұлғаның мінез-құлығының әдісі. Әлеуметтік рөлдерді қоғам қолдауы немесе қолдамауы мүмкін. Мысалы «қылмыскер». Нақтылықта әрбір дара адам бір емес, бірнеше әлеуметтік рөлдерді атқарады: ол дәрігер, әке, ІІО қызметкері және т. б. болуы мүмкін. Кей рөлдер (еркек немесе әйел болу) оған туы жүктелу мүмкін, ал басқаларына өмір сүру барысында иемденеді.

Адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі объективтік қатынастар жүйе тұрғысында жүзеге асады. Бұл қатынастар адамдардың қоғамдық өмір сүру жағдайында бір-бірімен қызметтесуінде орын табады. Осы топ мүшелерінің бір-бірімен объективтік қатынасуларының шағылысуы ретінде субъективтік тұлға арасындағы қатынастар табылады.